

М. А. Қызылов, Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, профессор, полиция полковнигі

АСЫЛ ҚАСИЕТТІ ҰСТАЗ

*Ұстазыңа бар ықылас-ниетіңмен қызмет қыл
Қожа Ахмет Яссауи*

Уақыт бір орында тұрмайды, оның керуеніне бөгет жоқ. Бұл — табиғаттың бұлжымас заңдылығы. Ғасыр ауысып, жыл жаңарып жыл өтеді, бірақ, адам баласы артында із тастамай кетпейді.

Қазақтың бас ақыны Абай: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ», — деп тұжырым жасаған емес пе. Шындығы осы.

Адам баласы тірісінде өзінің қадір-қасиетіне, адамгершілік, имани болмысына қарай бағаланады. Өмірден өткенде кәсіп еткен ісі, көрсеткен өнегесі мен қызметі жұрттың есінде ұзақ жылдар бойы сақталады. Ұмтылмайды. Сондай бірегей тұлға, ұлағатты ұстаз, тәлімгер Роза Балбатырқызы Құлжақаеваны білім алған шәкірттері мен қызметтес әріптестері талай арқаулы әңгімелер, жүрек жарды естеліктер, ыстық ықыласты арнау-толғаулар айта жүретіні хақ.

Менің ұстазым — Роза Балбатырқызы хақында талайлар тамсанып-ақ жазды. Жазуға әбден лайық болған соң. Кем жазылған жоқ. Ғалымдығы, ұстаздығы, дарындылығы, даралығы туралы. Көп қырлы гауһар тас секілді. Қай қырынан қарасаңыз да, жақұттай жарқырап тұратын. Білікті ұстаз. Биік парасат иесі. Заң ғылымдарының кандидаты. Профессор. Полковник. Ардагер. «Құрмет» орденінің иегері.

Ұлы данышпан, әлемдегі бірінші ұстаз саналатын Аристотель «Өмірдің бар мәні неде? — деген сұраққа, — Басқалар үшін қызмет ету мен ізгілікті іс атқару», — деп жауап берген.

Оның дәлелі Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясында қырық жылдан астам бір қылмыстық құқық және криминология кафедрасында профессорлық-оқытушылық қызмет атқарып, білімділігімен, шәкірттерімен тіл табысып ұжымның терең сүйспеншілігі мен сый-құрметіне ие болған ардақты ұстазым Роза Балбатырқызының өмірі мен қызметі.

Жастар тәрбиелеу ісінде қайталанбас орыны бар дараланып тұратын Роза Балбатырқызы тәрізді білікті ұстаз, өз ісінің нағыз «профессоры» еді.

Абай ақын «Алланың бір аты — ғылым!», — деген. Сол Алланың бұйрығымен болар ғалымдықтың жүгін көтеріп, жолын басуға шәкірттерді баураған, артында өз сөзі мен ісін қалдырған ұлағатты ұстаздардың бірегейі Роза Балбатырқызы Құлжақаева.

Мен өз тағдырыма ризамын, жақсы адамдардың үлгісі мен жарқын істерінен нәр алуды алыстан іздемей, көп жақсылықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қарағанды жоғары мектебінде 1991-1995 жылдары білім алып, қызмет атқарған 1999-2014 жылдары ғажайып жан — Роза Балбатырқызының қасында болғаным.

Ұлы дала иесі қазақта: «Адамның қасиеті өзінде емес-сөзінде», — дейді. Роза апай ісімен де, сөзімен де өзіне абырой жинаған, шыныдай таза, ізгі тілекті, байсалды да мейірімді, халық құрметіне бөлене білген жан еді.

Тоқсаныншы жылдары кеңестік құрсаудан босап, Тәуелсіз, егемен ел атанып, жоғары білімді мемлекеттік тіл — қазақ тілінде алу мүмкіндігі толық қанды мемлекеттік дәрежеге көтерілді. Солардың қатарында мен де болдым.

Қылмыстық құқықтан дәрістер оқып, семинар, тәжірибелік сабақтарды Роза Балбатырқызы жүргізді. Қылмыстық құқық ғылымын мемлекеттік тілде сөйлетіп, көкіректегі ұлтжандылыққа нұр, зердемізді білімге тұндырды. Өйткені, оқу пәндерін мемлекеттік тілде оқуға қажетті оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар болған жоқ еді.

Роза Балбатырқызының өте білімді, мәнді оқитын дәрістерінен қазақ топтарының бірде-бір курсанты қалмайтын. Дәріс оқу кезінде ұшқыр ой түйіндеулер мен мәселені жеткізудегі өзіне тән мәнері курсанттарды баурап алатын.

Жастарды жанындай жақсы көретін, ал, білімге құштар белсенді жасты көрсе: «Міне, міне, біздің болашағымыз осылардың қолына тиюі керек, жақсылап тәрбиелеуіміз керек!», —

деп, жоғын тапқандай, балаша қуанатын. Ал, сабақтан кейінгі кездесулерге жиналған курсанттардың жан-жағына жып-жылы шуақ пен көл-көсір мейірім таратып жүретін.

Өзі жетекші болып, ғылымның қыр-сырын меңгеруге, үйретуге әсте шаршаған емес. Мені ғылымға баулудың реті жетекшінің «профессор» ғылыми атағын алып, ғылыми жетекшілікке рұқсат алуымен ұштасты. Әр адамның өмір жолдарында қиын кезеңдер кездесіп, жастық қызумен шешім қабылдап, басқа бағытта бой алып кетуі болатыны шындық. Сондай сәттер де менің қызметтік жолымда кездесті. Сол кездегі жоғары мектебіміздің кезекші бөлімі алдында ұстазымды кездестіріп, тәжірибелік қызметке ауысатынымды жеткіздім. Сол мезетте ұстазым маған «ізденуші» болып бекітілетінімді және өзінің ғылыми жетекші болатынын айтты. Ғылыми зерттеу тақырыбын анықтау керек екенін және ескертті. Дем арасында күдік-күмәнім сейіліп сала берді. Сөйтіп, маған ұстазым өмірлік сара жолымды таңдап берді. Ол — жоғары оқу орны саласында қызмет атқару.

Кейбір қым-қуыт ой-толғаныста жан дүниенің көзге көрінбес ішкі әлемін тануы, тап басуы — Ұстаз кеменгерлігі емей немене? Халқымызда «Адамның көзі таразы» деген сөз бар емес пе!

Мемлекеттік тілде ғылыми кадр мәселесін жетілдіруге, әсіресе, жастармен толықтыруға қомақты үлес қосты. Сонымен бірге Р. Б. Құлжақаева ғылым саласында жас ізденушілерге ғылыми жетекшілік жасауға да уақыт таба білді. Сонымен қатар профессор Р. Б. Құлжақаева Қазақстан үшін жоғары біліктілігі бар ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындап, өзінің ғылыми мектебін құрды.

Талантты педагог, талғампаз және сыпайылық, қатандық пен мейірбан, табандылық және байсалды — тәлімгердің ең жақсы қасиеттерін ұштастыра білген, ол өзінің шәкірттеріне үлгі болды.

Бұл бастама көп ұзамай өз жемісін берді. Шәкірттерін ғылымға баулыды. Оның жетекшілік етуімен ғылыми мектебінің негізін құрып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан ғылыми-педагогикалық тәжірибесін қалдырған, заң ғылымдарының кандидаттығы ғылыми дәрежелерінің мемлекеттік тілде алты ізденушілері: М. А. Смағұлов, К. Р. Сарықұлов, М. А. Қызылов, Д. О. Өзбеков, М. А. Әлжаппаров, С. Қ. Алтайбаевтармен диссертациялар дайындап, табысты қорғады.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының профессор-оқытушылық құрамына ұлттық кадрларды тартып, орнықтыруға орасан күш сіңірген Р. Б. Құлжақаева екенін ешкім де ұмытпайды, бағалайды...

Р. Б. Құлжақаева — ерекше адал және шыншыл адам болды. Ол ұстамды, мейірімі мол, қайырымды, қызмет орнында аса қадірлі еді. Өз ісінің майталманы, әр ісіне шығармашылық және жауапкершілікпен қарайтын, педагогикалық әдеп, қаталдық пен талап етушілік — міне, Роза Балбатырқызына тән қасиеттер.

Ол кісінің адамгершілік қасиеті жөнінде айта кетуге міндеттімен.

2008 жылдың қыркүйегі. Менің Қарағанды заң институты бастығының оқу ісі жөніндегі орынбасарылық қызметіме кіріскен кезім. Институттың кафедра басшыларының атақ-даңықтары республика, алыс-жақын шетелдегі белді ғалымдар болатын, олармен жұмыс істеу, маған оңайға түскен жоқ. Өйткені, қалыптасқан ортаны бұзу, жаңа оқу, білім және жаңалық енгізуге бағытталған тың өзгерістерге, бір қатар басшылар көнбеске салынды.

Бірақ, мемлекеттік білім беру стандарт талабын орындау — жоғары мектептің басты міндеті еді. Осындай талаптан шығу үрдісіне, белді ғалымдармен тіл табысу да, қызбалыққа салынбай, бәрінен де кіші болуға, бәрін де жақсы көруге, істі әрқашан сабырмен атқару керектігіне үйреткен, ұстазым, рухани дүниесі бай, ақыл-парасаты мол Роза Балбатырқызы еді. Уақытында ақылын айтып, жинаған бай тәжірибесімен бөлісіп, ұжым алдында қолдау жасай білді. Жасады.

Ірі оқу орнының білім беру қызметіне бағытталған бірнеше факультеттер, кафедралар, бөлімдерді дұрыс басқаруыма көмегін аяған жоқ. Ондай азаматтар, өкінішке қарай, өмірде аз кездеседі.

Сол жылдары жақсы мен жаманды таныдым, білгенімнен білмегенімнің көп екеніне көзім жетті. Ұстазымның «үйренуден жалықпа» деген сөзінің қадіріне жетіп, тәжірибе жинақтадым.

Ол кісінің қарапайымдылығы, ешкімге дауыс көтермей, байсалдылықпен жұмыс бітіруге болатынын дәлелдеп, бізді соған тәрбиелеп үйреткен мектебі шексіз.

Міне, жақсыдан жақсы сөз, іс қалады десе, Р. Б. Құлжақаева артында да осындай өнеге, үлгі, тәлім алатын істері ел аузында көп...

Роза Балбатырқызының кең тұлғасы туралы айтар болсам, ол әйел затының ішінде бірегей кездесетін жан-жағынан тұнбаға толы жан. Нағыз осындай жандар қоғамның дамуына адамгершілік негізін қалап, жеріміздің атағын шығарады. Ғұмыр жолым ішкі істер органдарына кәсіби мамандарды дайындайтын жоғары мектебімен байланысты болғандықтан, бар жауапкершілікпен ЖОО-ның дамуына ұлағатты ұстаздар бағыт береді деп айта аламын, тек солар ғана кәсіби қоғамдастықта атағын аймаққа шығарады. Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының жоғары беделі — жемісті қызметінің нәтижесі, біздің көптеген әріптестеріміздің құқық тәртібін қорғаушыларын игілікті істерге шексіз сүйіспеншілікпен тәрбиелеуде, профессор, полковник Р. Б. Құлжақаеваның мектебінен өткен. Ол дәлел.

Роза Балбатырқызы өз өмірінде алпыстан астам ғылыми еңбек жазып, ғылымға сүбелі үлес қосты. Олардың арасында оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, мазмұны терең зерттеу мақалалары бар. Ең маңызды еңбек- көпшілікке, қарапайым оқырманға өте түсінікті тілмен жазылған «Қылмыстың құрамы» атты мемлекеттік тілдегі алғашқы оқу құралы еді. Айта кету керек, бұл оқу құралы заң саласын оның ішінде қылмыстық заңнаманың қыры мен сырын білем деуші курсант, студенттердің және профессор-оқытушыларының әлі күнге дейін басты кітабы, оқулығы болып келеді.

Тәуелсіз еліміздің мемлекеттік тілінде заң ғылымын сөйлетуге әсер еткен Роза Балбатырқызының кешенді еңбек екені даусыз. Ана тілімізде осындай еңбектер шығаруға ұйытқы болуы ұлт тілінде заң ғылымын сөйлетуге жасалған алғашқы қадамның бірі екені күмәнсіз. Қалай болғанда да, ұстазым игілікті істің бастауында тұрды.

Мемлекеттік тілде жазылатын ғылым, білімнің ендігі өмірде ауадай қажет екенін, онсыз көштен қалып қоятынымызды жанымен, бар ақыл-парасатымен көтеруге шынайы іс жүзіне асырып өткен бірден-бір ғалым.

Қазір бұл айтуға ғана оңай. Ал сол уақыттың өлшемімен алғанда өте қиын шаруа еді. Мұның бәрі ұлағатты ұстазымыздың білімділігі, озық ойы еліне деген сүйіспеншілігі арқасында атқарылды десем қателеспеймін.

Осының өзі ұстаз іскерлігін, өзіне сеніп тапсырылған қызметке деген жауапкершілігін, мұның артында Қазақстан ғылымына деген жанашырлығын көрсетсе керек.

Ұстазымның бойындағы байсалдылық, өзіне-өзі сенімді жүретін, адамдармен қарым-қатынасындағы қарапайымдылық маған ұнаушы еді. Әрқашан өзін сабырлы ұстап, бізбен қатар адамдай сөйлесетін.

Зиялы қауымның жарқын өкілі, тәлімгер, ғалым Р. Б. Құлжақаевамен танысқан, бірге қызмет атқарып, жан жылуында болған уақытымды өмірімнің бақытты сәттерінің біріне балаймын.

Мен кандидаттық диссертация қорғайтын болдым, оған ғылыми жетекшілікті Роза апай қолына алып, алғашқы ғылыми пікірін шынайы көңілмен жазып, баға берген еді. Роза Балбатырқызының диссертациялық Кеңестегі ғалымдар арасында абыройы биік еді, ғылыми жетекшінің пікірін оқып, менің кеңестегі диссертациямды қорғауда оң пікір қалыптастырып, барлық кеңес мүшелерін қолдауға шақырып, олардың бір кісідей қол көтеруге дем берді десем өтірік емес.

Ұстазымның маған берген өмірлік мектебінің бағыты — бұл өмір және кәсіби қызметте адамгершіліктің қағидалардың басымдықтарын, білімге талпыну, адамдар арасындағы қарым-қатынаста тазалық пен адалдықты сақтай және жақсылық жасай білу.

Ұстаз жайлы ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби: «ұстаз ... жаратылысынан өзіне айтпағанның өзін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын ... алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі..., мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да жат адамдарына да әділ..., жұрттың бәріне... жақсылық пен ізгілік көрсетіп... қорқыныш пен жасқыну дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек», — деген екен. Осы ұлы баба сөзіне ұстазымыз Роза Балбатырқызы адал болды. Шын мәнінде — тұғыры биік тұлға.

Міне табиғат берген «бес күндік» ғұмырдағы мәнді өмірі мен өнегелі қызмет тәжірибесі, тұлғалық бейнесін мәңгілікке айналдырған Роза Балбатырқызының «Адамдық Рухына» бас иемін!!!

